



ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Экологиялық құзыреттілік орталығының жобалары таныстырылды

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС базасында «Парасат» кәсіпкерлер альянсы мен «Байтақ» жасылдар партиясы жанынан құрылған Экологиялық құзыреттілік орталығының кеңейтілген отырысы өтті. Кездесуге зауыттың Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғаныс департаментінің директоры Еркін СҮЛЕЙМЕНОВ бастаған кәсіпорын мамандары қатысып, Орталық ұсынған халықаралық инновациялық шешімдермен танысты.

«Парасат» альянсының бастамасымен құрылған бұл орталық – экологиялық бағдарланған жобаларды іріктейтін және өндіріске енгізуге ықпал ететін бірегей платформа. Орталықтың негізгі мақсаты – өндіріс орындарындағы суды тазарту, газдарды зарарсыздандыру және қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы ең озық әлемдік технологияларды жинақтап, отандық кәсіпорындарға ұсыну.

Жиын барысында Орталық мамандары зауыт ұжымының назарына бірқатар ауқымды технологиялық жобаларды тұтас кешен ретінде таныстырды. Атап айтқанда, өндірісте су ресурстарын үнемдеуге арналған MSTN technologies және Xinjiang Dean компанияларының суды терең тазарту және айналымдағы суды қайта пайдалану жүйелері, сондай-ақ атмосфералық ауаны қорғауға бағытталған ZOLO Group пен Zhiyan лазерлік-оптикалық құрылғылары арқылы мұржалардан шығатын түтінді нақты уақыт режимінде мониторингілеу шешімдері көрсетілді. Одан бөлек мұнай шламдарын тиімді жоюға арналған Сифания-Экотехника және HELYX компанияларының әзірлемелері,

кәсіпорынның ESG-рейтингін бағалауға негізделген Central Asian Rating Agency мен шығарындыларды автоматты бақылау жүйелерін жетілдіруге арналған PO ASCOR жобалары талқыланды. Бұл инновациялар жиынтығы өндірістік қалдықтарды азайту мен экологиялық мониторингтің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зауыт өкілдері сарапшылар мен қоғам белсенділерінің кәсіпорын жұмысына қатысты сауалдарына жауап бере отырып, ұсыныстардың әрқайсысымен жан-жақты танысып, олардың зауыттың өндірістік ерекшеліктеріне қаншалықты сәйкес келетінін мұқият зерделейтіндерін айтты. Кәсіпорынның экологиялық тиімділігін арттыруға бағытталған кез келген шешім алдымен терең зерттеуді және сараптамалық талдауды қажет ететінін де атап өтті.

Мұндай кездесулер зауыт пен экологиялық ұйымдар арасындағы технологиялық тәжірибе алмасуға және аймақтың экологиялық мәселелерін бірлесіп шешуге жақсы негіз болмақ.

Отмечены за вклад
в эффективность



Ардагерлердің
«алтын» қармағы

Отмечены за вклад в эффективность

По итогам 2025 года ряд специалистов ТОО «АНПЗ» отмечены благодарственными письмами от АО НК «КазМунайГаз» за участие в реализации программы повышения операционной и экономической эффективности.

Программа, утверждённая в феврале 2025 года, была направлена на увеличение выхода светлых нефтепродуктов и снижение энергопотребления. Для выполнения поставленных задач потребовалась скоординированная работа производственных и технических подразделений.

Благодарности получили: заместитель главного инженера по производству Олег Сергеевич Самаркин; главный технолог Вадим Сергеевич Карабасов; начальник отдела оптимизационного планирования Нурбол Кайратович Сагиндыков; начальник отдела технического сопровождения проектов Мейрман Ильясович Бекхожаев; начальник отдела оперативного управления производством Даулет Исатаевич Кубес; заместитель начальника технического отдела Ұлан Ержанұлы Ержан.

Мейрман Бекхожаев отметил, что реализация программы потребовала вне-



дрения новых технических решений и оптимизации производственных процессов. По его словам, достигнутые результаты стали возможны благодаря совместной работе специалистов различных направлений.

Генеральный директор ТОО «АНПЗ»

Куаныш Бишимов подчеркнул, что вклад сотрудников позволил обеспечить выполнение ключевых производственных показателей предприятия.

Коллектив завода поздравляет коллег с заслуженным признанием и благодарит за проделанную работу.

НАЗНАЧЕНИЯ

Приказом генерального директора №70-к от 09.02.2026 г. начальником технического отдела назначен **Төлеп Нұрланұлы Баймбетов**.

Дата рождения: 03.10.1993 г.

Образование: Атырауский политехнический колледж, 2012 г.; технология переработки нефти и газа; Атырауский институт нефти и газа, 2022 г.; бакалавр химическая технологии органических веществ.

Профессиональная деятельность с 2012 по 2026 год:

ТОО «АНПЗ», ПАУ, старший оператор; оператор пульта управления; оператор технологической установки; инженер по подготовке производства; начальник установки каталитического риформинга (CCR), операционный координатор (старший), заместитель начальника производства.



Приказом генерального директора №163-л/с от 09.02.2026 г., с 10 февраля по 10 мая 2026 г. начальником ППП назначен **Аскар Рыспаевич Ермышев**; начальником ППНГО назначен **Самгат Сабитович Рашев**.

ҚАУІПСІЗДІК

Мердігерлермен жұмыс форматы өзгерді

Атырау мұнай өңдеу зауытында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мердігер ұйымдармен кезекті кеңес өтті. Биылдан бастап серіктес мекемелермен өзара іс-қимыл форматы түбегейлі өзгеріп, бақылау күшейтілді.



Зауыт басшылығының шешімімен, бұған дейін тоқсанына бір рет өткізіліп келген жиын енді ай сайынғы форматқа көшірілді. Бұл өзгерістің басты ерекшелігі – кеңеске тек мердігерлер ғана емес, зауыт тарапынан тиісті келісімшарттарға жауапты бизнес-процестердің өкімшілері де толық қатысады.

Әкімшілер енді мердігердің жұмысын тек қабылдап қана қоймай, олардың нысандардағы қауіпсіздік талаптарын сақтауын, қызметкерлердің біліктілігі мен рұқсат қағаздарын тексеруді және тұрақты инспекция жүргізуді тікелей үйлестіреді.

Жиын барысында 2026 жылы сәуір және қазан айларында мердігер ұйымдар арасында арнайы айлық өткізілетіні жарияланды. Бұл науқанның негізгі міндеттері: мердігер қызметкерлерінің жұмысқа рұқсат алу жүйесін бақылау; медициналық тексеріс пен куәліктердің мерзімін тексеру; жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) қолдануды және жоғары қауіпті жұмыстарға рұқсаттардың рәсімделуін қадағалау.

Сондай-ақ, «Gold Sunray», «KMG-Security», «Семсер-Өрт сөндіруші» секілді ірі аутсорсингтік компаниялар

үшін бекітілген тоқсандық аудит графигі таныстырылды.

Зауыт аумағындағы көлік қауіпсіздігіне ерекше назар аударылды. Статистика бойынша, жол қозғалысы ережелерін бұзу оқиғаларының 95%-ы жылдамдықты асырумен байланысты. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы Арман ДИМУКАШЕВ қауіпсіздік белдігін тақпаған жүргізуші бірден жұмыстан шеттетілетінін, ал жылдамдықты асырған жағдайда рұқсат қағазы бұғатталып, айыппұл салынатынын ескертті. Сондай-ақ ол зауыт ішіндегі максималды жылдамдық 30 км/сағ екенін еске салды.

Мердігерлер үшін есеп беру тәртібі де қатайтылды. Енді есептер әр айдың 5-інші жұлдызына дейін тапсырылуы тиіс. Мерзімнен кешіктірілген әр күн үшін 100 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған.

Бұл шаралардың бәрі «Атырау МӨЗ» аумағында жазатайым оқиғаларға жол бермеу және әрбір қызметкердің үйіне аман-есен оралуын қамтамасыз ету үшін жасалуда. Қауіпсіздік – бұл талап қана емес, зауыттың басты құндылығы.

ОХРАНА ТРУДА

Пожары в зимний период: основные причины и профилактика

В холодное время года увеличивается нагрузка на электросети из-за активного использования электронагревательных приборов. Наибольшее число возгораний фиксируется в период устойчивых морозов и температурных перепадов, когда оборудование работает на предельной мощности.

Основными причинами пожаров электротехнического характера считаются перегрузка сети при одновременном подключении нескольких мощных приборов; неисправные розетки и электропроводка; плохой контакт в местах соединений; повреждение или износ изоляции; короткое замыкание; использование самодельных либо технически неисправных электронагревателей. Дополнительный риск создаёт отсутствие контроля за состоянием электросетей и оборудования.

Для предупреждения пожаров необходимо соблюдать следующие требования: включать обогреватели



только при необходимости и не оставлять их без присмотра; не использовать приборы при неисправных розетках или повреждённой проводке; применять только сертифицированные электронагреватели с исправной тепловой защитой и терморегуляторами; не использовать самодельные приборы, удлинители и некалиброванные плавкие вставки; не применять временную электропроводку и сетевые фильтры, не рассчитанные на соответствующую нагрузку.

По статистике, наиболее тяжёлые последствия пожаров происходят в ночное время, когда возгорание сложно обнаружить на начальной стадии. Для раннего выявления задымления рекомендуется установка автономных дымовых пожарных извещателей.

Соблюдение требований пожарной безопасности в зимний период позволяет существенно снизить риск возникновения пожара.

А. Ж. Тарихов,
инженер-инструктор ПЧ-19 ЗФ
ТОО «Семсер-Өрт сөндіруші»

СВЯЗЬ ПОКОЛЕНИЙ

Семья вне трудовой книжки

Выход на пенсию часто называют «заслуженным отдыхом», но для ветеранов Атырауского нефтеперерабатывающего завода это, скорее, начало нового, не менее активного этапа жизни. Сегодня Общество пенсионеров АНПЗ – это не просто организация, а крепкий тыл для тех, кто десятилетиями ковал славу родного предприятия. Мы поговорили с председателем Совета ветеранов Болатом КАБДРАХИЕВЫМ о том, чем живёт заводская «гвардия» сегодня.

БОЛЬШАЯ ЗАВОДСКАЯ СЕМЬЯ

История заводского ветеранского движения уходит корнями в непростые 90-е. Именно тогда, в 1991 году, по инициативе активного производственника Александра Борисовича Бычкова и при поддержке тогдашнего директора завода Владимира Викторовича Гафнера было создано Общество пенсионеров.

Цель была благородной и простой: не дать людям, отдавшим заводу лучшие годы, почувствовать себя забытыми. Сегодня это дело продолжается и Совет работает строго по Уставу, сохраняя традиции, заложенные основателями.

На сегодняшний день в обществе состоят 752 пенсионера. Это целая армия профессионалов: 343 женщины и 409 мужчин. Среди них те, перед кем мы в неоплатном долгу: три работника тыла, вдова участника войны и шесть человек, приравненных к ветеранам Великой Отечественной войны.

– Важно понимать, что членство в обществе – дело добровольное, – поясняет Болат Кабдрахиев. – Мы не зачисляем туда людей автоматически. Человек должен прийти к нам и написать заявление. Мы тесно сотрудничаем с отделом кадров и узнаем о каждом новом пенсионере. Приглашаем лично, объясняем, какие возможности открываются, и помогаем оформить документы.

Один из самых эмоциональных моментов в жизни заводчанина – проводы на заслуженный отдых. На АНПЗ эта традиция свято соблюдается.

– В этот день человек чувствует сложную гамму чувств. Огромную гордость за пройденный путь и легкую грусть от расставания с коллективом, – делятся с нами пенсионеры.

Тех, кто проработал на заводе более 40 лет, чествуют особо: им вручается медаль «Еңбек ардагері» («Ветеран труда») и выплачивается премия от профсоюза.

ЗАБОТА, ЗАКРЕПЛЕННАЯ ДОГОВОРОМ

Быть ветераном АНПЗ – значит чувствовать реальную поддержку. Согласно Коллективному договору, пенсионеры получают материальную помощь к праздникам; выплаты в сложных жизненных ситуациях (болезнь, операция, финансовые трудности); помощь в рамках месячника «Қамқорлық» («Забота»); бесплатную подписку на газеты.

Если вы думаете, что жизнь на пенсии – это только покой, вы плохо знаете наших ветеранов. При обществе работает знаменитый хор ветеранов АНПЗ – «Сударушка», который регулярно берет призы на городских и областных конкурсах. Для любителей активного отдыха организованы секции волейбола и выезды на рыбалку. Регу-

лярно проводятся благотворительные обеды к Наурыз, Курбан айту, Дню нефтяника и Новому году.

Ветераны не просто приходят за пособиями, они остаются частью производственного процесса. Их приглашают на юбилей цехов, встречи с молодыми специалистами. Опытные заводчане выступают наставниками, передавая секреты мастерства молодежи.

– Наши легенды – это люди, проработавшие по 40-50 лет. Их имена – золото фонда АНПЗ, – с гордостью говорит Б. Кабдрахиев.

Завершая наш разговор, председатель Совета ветеранов АНПЗ подчеркивает, работа с пенсионерами – это не просто административная должность, а настоящее служение. Быть во главе такой организации – значит ежедневно пропускать через себя судьбы сотен людей, их радости и тревоги. Это огромная ответственность, в основе которой лежит глубокое, искреннее уважение к старшему поколению заводчан.

Сегодня Совет старается быть на острие самых важных вопросов: от контроля за здоровьем ветеранов и обеспечения социальной поддержки до решения адресных бытовых проблем. Но главная задача, по мнению председателя не дать человеку потерять

ту самую незримую нить, которая связывает его с родным заводом.

Обращаясь к нынешнему коллективу Атырауского НПЗ, лидер ветеранского движения желает коллегам прежде всего крепкого здоровья и уверенной стабильности. А тем, кто только готовится сменить рабочую форму на статус пенсионера:

– Не бойтесь перемен! Мы ждем вас в нашей большой и дружной заводской семье. Выходите на заслуженный отдых с легким сердцем, оставайтесь активными, а наше Общество всегда подставит вам плечо.



АРДАГЕРЛЕР ТЫНЫСЫ

Ардагерлердің «алтын» қармағы

2026 жылдың 13 ақпанында Жайық өзенінің жағасында «AMÖ3» ЖШС Зейнеткерлер қоғамы мүшелерінің арасында спорттық балық аулаудан жарыс өтті. Мұздың қалыңдығы мен желдің екпініне қарамастан, әр балықшы өз олжасына деген үлкен үмітпен орындарын сайлады. Сағат 10:00-де басталған бұл шараның басты мақсаты – мұз астынан балық аулауды дәріптеп, аға буын өкілдерін белсенді өмір салтына тартып, арадағы сыйластықты нығайту еді.

Аязға қарамастан қатысушылардың көңіл-күйі өте көтеріңкі болды. Ардагерлер зауыттағы көпжылдық еңбегінде қалыптасқан төзімділік пен мұқияттылықты мұз үстінде де көрсетті.

Олар сайысқа алдын ала тыңғылықты дайындалып, құрал-саймандары мен жемдерін қамдап келген. Көптеген ардагер үшін қысқы балық аулау – жаңа спорттық жылдың бастауына айналған

ігі дәстүр. Жарысқа жалпы саны 15 ардагер қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша «Ең жылдам бұрғы» санатында Владимир ЖЕЙНОВ (1-орын), Жолдас ЕСҚАРАЕВ

(2-орын) және Ілияс ҚАЛМЫРЗИЕВ (3-орын) үздік шықты.

Жеңіс тұғырынан көрінген Владимир ЖЕЙНОВ өз әсерімен бөлісті:

«Бұл жарысты асыға күттік. Мұз үстінде балық аулау – тек спорт емес, бұл ескі достармен қауышу, тәжірибе алмасу. Жеңіске жеткеніме қуаныштымын, бірақ ең бастысы – зауытымыздың бізді ұмытпай, осындай тамаша мереке сыйлағаны».

Сондай-ақ, қосымша номинациялар бойынша да үздіктер анықталды: «Алғашқы олжа» – Евгений ВОРОНЧИХИН, «Ең ірі олжа» – Владимир ЖЕЙНОВ, «Балықшы-ақсақал» – Юрий ТАРШИЛОВ.

«Балықшы-ақсақал» номинациясының иегері Юрий ТАРШИЛОВ былай деді:

«Жасымыз ұлғайса да, бойымыздағы спорттық рух бәсеңдеген емес. Жайықтың мұздай ауасымен тыныстап, жағада өңгіме-дүкен құрғанның өзі бір ганибет. Осындай атаулы марапатқа ие болғаным дән ризамын».

Жарыстың бас төрешісі Вагиз КИРГИЗБАЕВ мұндай кездесулердің денсаулықты нығайтумен қатар, нағыз жолдастық атмосфера қалыптастыратынын атап өтті. Ардагерлер іс-шараны ұйымдастыруға қолдау көрсеткен Ф.Ж. АМАНТУРЛИН бастаған Кәсіподақ комитетіне шексіз алғыстарын білдірді.

Зауыттың байырғы жұмысшылары үшін зейнет демалысы – бұл тек тынығу емес, жаңа жетістіктер мен белсенді ортаның бастауы. Алдағы уақытта Зейнеткерлер қоғамы бильярд, дойбы және шахмат турнирлерін өткізуді жоспарлап отыр.

Весь завод в одном клике

На АНПЗ внедрение инноваций идет рука об руку с развитием корпоративной культуры. Одним из инструментов в этом процессе стала корпоративная мобильная платформа MY ANPZ. Недавно в рамках приложения прошел конкурс, по итогам которого был определен и торжественно награжден очередной победитель.



MY ANPZ – не просто информационный ресурс, а единое цифровое пространство, созданное исключительно для работников предприятия. Главная цель платформы – повышение информированности сотрудников и развитие культуры безопасности труда.

Приложение включает в себя множество жизненно важных модулей. Здесь можно отслеживать показатели безаварийной работы, изучать каталог СИЗ и участвовать в аудитах. В приложении работает AI-ассистент, готовый в любой момент ответить на вопросы по промышленной и пожарной безопасности. Каждый работник имеет доступ к своим данным, сведениям о пройденном обучении (сертификаты) и внутреннему «кошельку» бонусной системы.

Для популяризации цифровых инструментов среди коллектива в декабре 2025 года был запущен конкурс. Условие было максимально простым: скачать приложение и авторизоваться в нем. Среди всех активных участников методом случайного выбора был определен обладатель главного приза – новенького смартфона.

Победителем стала лаборант химического анализа ЦЗЛ Акбота БОЛАТОВА. Она призналась, что такая удача стала для нее приятной неожиданностью:

– Это было очень неожиданно и невероятно приятно! Я пользуюсь приложением, потому что это удобно и

позволяет быть в курсе всех событий завода. А выиграть такой ценный приз – это лучший подарок к праздникам.

Ведущий инженер Службы безопасности и охраны труда (СБиОТ) Юрий ПОЛЫНИН отметил значимость платформы и активное участие команды разработчиков:

– По организации конкурсов нам активно помогает команда TIGIN. Мы постоянно работаем над улучшением функционала приложения, основываясь на предложениях и обратной связи от самих заводчан. При этом вся техническая поддержка и разработка модулей – это заслуга специалистов TIGIN. Это уже не первый наш конкурс, и мы точно не планируем останавливаться. В планах еще несколько подобных розыгрышей, поэтому я призываю всех коллег активно пользоваться приложением и участвовать в жизни завода.

Развитие MY ANPZ продолжается. Функционал платформы будет расширяться, делая повседневную работу сотрудников еще удобнее, безопаснее и современнее.

Выйграй смартфон! Смартфон ұтып ал!

Скачай приложение MY ANPZ!
(Активация в центре обслуживания работников или самостоятельно по QR коду)

MY ANPZ қосымшасын жүктеңіз!
(Активацияны қызметкерлерді қызмет көрсету орталығында немесе QR-код арқылы өзіңіз жасай аласыз)

Техническая поддержка:
myanpz@gmail.com
WhatsApp: +7 (777) 500 03 97

1. Бұл QR-кодты бірінші рет сканерлеп, MY ANPZ қосымшасын App Store немесе Google Play арқылы жүктеп алыңыз.
2. Орнатқаннан кейін QR-кодты қайта сканерлеп, корпоративтік жүйеде тіркеуден өтіңіз.
3. Отсканируйте этот QR-код первый раз, чтобы скачать приложение MY ANPZ в App Store или Google Play.
4. После установки отсканируйте QR-код повторно, чтобы пройти регистрацию в корпоративной системе.

АҚПАН

Ду	Сә	Ср	Бе	Жұ	Сн	Же
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	

НАУРЫЗ

Ду	Сә	Ср	Бе	Жұ	Сн	Же
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15

12 ақпан – 14 наурыз сағат 00.00-ге дейін Үгіт жүргізу

2026 ж. 21 ақпан Аумақтық және учаскелік комиссиялардың құрамдарын, референдум учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді жариялау

2026 ж. 22 ақпан Референдум комиссияларына дауыс беруге арналған тізімдерді ұсыну

2026 ж. 27 ақпан – 4 наурыз Азаматтарды дауыс беру уақыты мен орны туралы хабарлар ету

2026 ж. 12-14 наурыз УРК-ға бюллетеньдерді жеткізу

2026 ж. 14 наурыз Тыныштық күні

2026 ж. 15 наурыз Дауыс беру күні

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

ФЕВРАЛЬ

Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	

МАРТ

Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15

12 февраля – до 00.00 ч. 14 марта Проведение агитации

21 февраля 2026 г. Опубликование составов территориальных и участковых комиссий, сведений о границах участков референдума

22 февраля 2026 г. Предоставление списков для голосования в комиссиях референдума

27 февраля – 4 марта 2026 г. Оповещение граждан о времени и месте голосования

12-14 марта 2026 г. Доставка бюллетеней в УРК

14 марта 2026 г. День тишины

15 марта 2026 г. День голосования

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

Орталық референдум комиссиясының ҮНДЕУІ



ОБРАЩЕНИЕ Центральной комиссии референдума

ҚҰРМЕТТІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!

Сіздің референдумға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асырудың кепілі Сізді республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізу болып табылады.

Тізімдерді жергілікті атқарушы органдар дауыс беру үшін нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар берген өтініші негізінде тізімдерге енгізіледі.

Дауыс беруге арналған учаскелер мен олардың шекаралары туралы мәліметтерді тиісті әкімдер **2026 жылғы 21 ақпанға** дейін жариялайтын болады. Сіз өзіңіздің учаскеніңді біліп, тізімге енгізілгеніңізді тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы органға хабарласу арқылы тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сіздің дауыс беру учаскеніңде Сізге республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Егер қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз.

Сізді азаматтық жауапкершілік танытуға және **2026 жылғы 15 наурызда** республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

УВАЖАЕМЫЙ УЧАСТНИК РЕФЕРЕНДУМА!

Гарантией реализации Вашего конституционного права на участие в референдуме является включение Вас в списки граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме.

Списки составляются местными исполнительными органами на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. Временно зарегистрированные граждане включаются в списки на основании поданного заявления.

Сведения об участках для голосования и их границы будут опубликованы соответствующими акимами до **21 февраля 2026 года**. Узнать свой участок и проверить свое включение в список Вы можете, обратившись в местный исполнительный орган по месту Вашей регистрации. В случае отсутствия в списке, Вы вправе подать соответствующее заявление в акимат.

С **27 февраля 2026 года** на Вашем участке голосования Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме. При необходимости внесения каких-либо изменений, Вы сразу сможете обратиться с заявлением в участковую комиссию референдума.

Призываем Вас проявить гражданскую ответственность и реализовать **15 марта 2026 года** свое право на участие в республиканском референдуме!